

# ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, Еңбекшілер Депутаттарының Облыстық Советінің және ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 57 (9119) | 1953 жылғы 17 март Сейсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйыл.

## ССРО Жоғарғы Советі сессиясының мәжлісі

*М. А. ЯСНОВ жолдастың сөзі*

Депутат жолдастар! Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің IV сессиясын ашық деп жариялаймын.

Депутат жолдастар!

Совет халқы қатты қайғыру сезімімен өзінің ұлы көсемі және ұстазы, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович СТАЛИНДІ ақырғы сапарға шығарып салды.

Иосиф Виссарионович Сталин жолдастың жарқын есімін орындарыңыздан тұрып құрмет етулеріңізді сұраймын. **(Жұрттың бәрі орындарынан тұрады).** Отыруларыңызды сұраймын.

Депутат жолдастар!

14 мартта Прагада Чехословакия Республикасының Президенті, Совет Одағының адал досы, біздің қымбатты Клемент ГОТВАЛЬД қайтыс болды. Чехословакия халқымен бірге бұл ауыр қазаға біздің еліміздің барлық еңбекшілері де қатты қайғырды. Клемент Готвальдті орындарыңыздан тұрып еске түсірулеріңізді сұраймын. **(Жұрттың бәрі орындарынан тұрады).** Отыруларыңызды сұраймын.

Депутат жолдастар!

Президент Клемент Готвальдтің қайтыс болуына байланысты Чехословакия Республикасының Ұлттық жыйналысына кезіңіз айтты. ССРО Жоғарғы Советінің Үндеуінің мынадай текстін қабылдау ұсынылады:

### «ЧЕХОСЛОВАК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНА

Қымбатты жолдастар!

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі Чехословакия Республикасының Президенті, аса көрнекті мемлекеттік қайраткер және Чехословакия халқының сүйікті көсемі Клемент Готвальд жолдастың қайтыс болуына бай-

ланысты Чехословакия Республикасының Ұлттық жыйналысына қатты қайғырып көңіл айтады.

Чехословакия халықтарының көсемі, жана чехословакия халықтық-демократиялық мемлекетінің қажырлы ұйымдастырушысы, Совет Одағының адал досы Клемент Готвальд жолдастың қайтыс болуына сіздермен бірге біз де қатты қайғырдымыз.

### ССР Одағының Жоғарғы Советі.

Депутат жолдастар, Үндеудің бұл текетіні қабылданы деп өсиеттеуге рұқсат етіңіздер. Үндеу қабылданды.

Депутат жолдастар! ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясының қарауына мынадай мәселелер ұсынылады:

1. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателін сайлау туралы.
2. ССРО Министрлер Советінің Председателін тағайындау туралы.
3. ССРО Министрлер Советінің құрамы туралы және ССРО Министрліктерін қайта құру туралы.
4. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарын сайлау туралы.
5. ССРО Конституциясының 70, 77 және 78 статьяларына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы.

Күн тәртібі туралы сөйлегісі келетіндер бар ма? Сөйлейтіндер жоқ. Дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. IV сессияға ұсынылған күн тәртібін мақұлдаушылар қол көтеруін сұраймын. Қолдарыңызды түсірулеріңізді сұраймын. Кім қарсы? Жоқ. Кім қалық қалды? Қалық қалушылар жоқ.

IV сессияның күн тәртібі қабылданды.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателін сайлау туралы мәселені қарауға кірісеміз.

Ұсыныс жасау үшін сөз депутат Хрущев жолдасқа беріледі. **(Ұзаққа созылған ду қолшапалақтау. Жұрттың бәрі орындарынан тұрады).**

Депутат жолдастар!

Сіздер маған Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советінің қарауына Үкметтің—ССР Одағының Министрлер Советінің құрамын ұсынууды тапсырдыңыздар.

Депутат жолдастар, мен сіздердің маған көрсеткен зор сенімдеріңіз бен жоғары құрметтеріңіз үшін сіздерге алғыс айтамын. **(Ду қолшапалақтау).**

Жолдастар, өздеріңізге белгілі, Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің пленумы, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы еліміздің өміріне іркіліксіз және дұрыс басшылықты қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды қарарлар қабылдады.

Осы сессияда біз бұл қарарларды қарап, Конституцияға сәйкес, қабылдауға болады және қажет деп тапқан шараларға заң күшін беруге, онымен бірге ССРО Жоғарғы Советі—еліміздің жоғарғы мемлекеттік өкмет органын бекітуге тиістіміз.

Айта кету керек, кезіргі министрліктерді ірілендіру жөніндегі, халық шаруашылығының, мәдениеттің, басқару ісінің тектес салаларына басшылық етуді бір министрлікке біріктіру жөніндегі шаралардың қажеттігі бүгін туып отырған жоқ. Оларды партиямыз бен үкметіміз ұзақ уақыт, Сталин жолдастың тірі кезінде, онымен бірге ойландырып келген болатын. Ал, кезіргі еліміз дұшар болған ауыр қазаға байланысты, біз мемлекеттік және шаруашылық қызметке басшылықты оған әрі күшейту жөніндегі пісуі жеткен ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруды тек қана тездетіп отырмыз.

Бұл шараларды ұсығанда біз мынаны ескереміз: ССРО-ны оған әрі күшейту жөнінде партия мен үкмет жасаған жоспарларды жүзеге асыру үшін бұрынғыдан

Біздің қасиетті міндетіміз—совет елі халықтарының бірлігі мен достығын одан әрі нығайтуды, көп ұлтты совет мемлекетін нығайтуды қамтамасыз ету. Еліміздің халықтарының достығы бар тұрғанда бізге ешқандай ішкі де, сыртқы да жаулар қорқынышты емес.

Г. М. МАЛЕНКОВ.

*ССР Одағы Министрлер Советінің Председателі*

*Г. М. МАЛЕНКОВ жолдастың сөзі*

Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мақта шаруашылығы министрлігі, Совхоздар министрлігі, Дайындау министрлігі, Орман шаруашылығы министрлігі бір министрлік—ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі болып біріктірілсін.

Жоғарғы білім министрлігі, Кинематография министрлігі, Искусство істері жөніндегі комитет, Радиохабар комитеті, Полиграфия және Баспа істерінің жоғары басқармасы, еңбек резервтері министрлігі бір министрлік—ССРО Мәдениет министрлігі болып біріктірілсін.

Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, Тамақ өнеркәсіп министрлігі, Ет және Сүт өнеркәсіп министрлігі, Балық өнеркәсіп министрлігі бір министрлік—ССРО Жеңіл және Тамақ өнеркәсіп министрлігі болып біріктірілсін.

Қара металлургия министрлігі мен Түсті металлургия министрлігі бір министрлік—Металлургия өнеркәсіп министрлігі болып біріктірілсін.

Автомобиль және трактор өнеркәсіп министрлігі, Машина жасау және аспап жасау министрлігі, Ауылшаруашылық машиналарын жасау министрлігі және Станок жасау министрлігі бір министрлік—Машина жасау министрлігі болып біріктірілсін.

Транспорт машиналарын жасау министрлігі, Кеме жасау өнеркәсіп министрлігі, Ауыр машина жасау министрлігі, Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігі бір министрлік—Транспорттық және Ауыр машина жасау министрлігі болып біріктірілсін.

Электр станциялар министрлігі, Электр өнеркәсібі министрлігі және Байланыс құрал-жабдықтар өнеркәсіп министрлігі бір министрлік—Электр станциялар және электр өнеркәсіп министрлігі болып біріктірілсін.

Бірінші Орынбасары және ССРО Ішкі Істер Министрі—Берия Лаврентий Павлович **(ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады);**

ССРО Министрлер Советінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі—Молотов Вячеслав Михайлович **(ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады);**

ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Қорғаныс Министрі—Совет Одағының Маршалы Булгагин Николай Александрович **(ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады);**

ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Каганович Лазарь Мойсеевич—**(ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады);**

ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары және ССРО Ішкі және Сыртқы сауда Министрі—Микола Анатольевич Иванович **(ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады);**

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау Министрі Козлов Алексей Иванович—**(қолшапалақтау).**

ССРО Мәдениет Министрі—Пономаренко Пантелеймон Кондратьевич **(қолшапалақтау);**

ССРО Жеңіл және тамақ өнеркәсіп Министрі—Косыгин Алексей Николаевич **(қолшапалақтау);**

Көмір өнеркәсіп Министрі—Засядько Александр Федорович **(қолшапалақтау);**

Мұнай өнеркәсіп Министрі—Байбаков Николай Константинович—**(қолшапалақтау);**

Металлургия өнеркәсіп Министрі—Тевосян Иван Федорович **(қолшапалақтау);**

Химия өнеркәсіп Министрі—Тихомиров Сергей Михайлович **(қолшапалақтау);**

Машина жасау Министрі—Сабуров Максим Захарович **(қолшапалақтау);**

талық Комитетінің пленумы, ССРО Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы басшылығымыздың күші оның коллективтілігінде, топтасқандығында және берік бірлігінде екенін ескерді. Бұл жоғары принциптің қатаң сақталуы елге дұрыс басшылық етудің кепілі, біздің елімізде коммунизм орнату жолымен ойдағыдай алға баса беруіміздің аса маңызды шарты болып табылады деп есептейміз.

Үкметтің осы ұсынысын отырған құрамын ССРО Жоғарғы Советінің бекітуіне енгізе отырып, мен мынаны мәлімдеу қажет деп есептеймін: Үкмет өзінің барлық жұмысында сыртқы және ішкі істерде партия жасап берген саясатты берік жүргізіп отырады. Біз Совет Үкметінің бұл позициясын мәлімдегенбіз. Мен 9 марттағы қаралы митингте өзімнің сөйлеген сөзімді, Л. П. Берия жолдастың сөйлеген сөзін және В. М. Молотов жолдастың сөйлеген сөзін айтып отырмын.

Біздің мәлімдемелерімізде ішкі саясат жөнінде Совет Үкметі бұдан былай да жұмысын табы мен колхозшы шаруалардың мызғымас одағын, еліміздің халықтарының арасындағы туысқандық достықты нығайта береді, социалистік мемлекеттің қорғаныс қуатын мейлінше нығайтады, халық игілігінің, оның материалдық және мәдени талаптарын барынша қанағаттандырудың, социалистік Отанымызды оған әрі күлдендірудің қамын тынбай ойлау міндеті біздің үкметіміз үшін заң болып табылады деп барынша айқын айтылды **(Ду қолшапалақтау).**

Сыртқы саясат мәселесіне келсек, біздің мәлімдемелерімізден мынадай толық қорытындылар шығады:

Совет Үкметі бейбітшілікті сақтаудың және баянды етудің, Совет Одағының қорғанысы мен халіпсіздігін қамтамасыз ету-

*Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзі*

Депутат жолдастар! Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пленумының, ССРО Одағы Министрлер Советінің, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының біріккен мәжілісі атынан, сол сияқты, Жоғарғы Одақ Советі мен Ұлттар Советінің Москва, Ленинград, Украина депутаттарының атынан Жоғарғы Совет сессиясының Одақ Советі және Ұлттар Советінің біріккен мәжілісінің қарауына ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі туралы мынадай ұсыныс енгіземін.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пленумының, ССРО Одағы Министрлер Советінің және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының біріккен мәжілісінің қаулысы бойынша Николай Михайлович Шверник жолдас Кәсіпқатардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Председателі болып ұсынылғандықтан, —Шверник жолдасы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі міндетінен босатуды ұсынамын.

Сонымен қатар Николай Михайлович Шверник жолдасы ССРО Жоғарғы Советі

Председательдік етуші депутат Л. П. БЕРИЯ жолдасына сөз береді. (Ұзаққа созылған ду қолшапалақтау).

## Л. П. БЕРИЯ жолдастың сөзі

Депутат жолдастар! ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша сіздердің қарауыңызға мынадай ұсыныс енгіземін:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советінің Председателі етіп Георгий Максимиланович Маленков жолдас тағайындалсын (ұзаққа созылған ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады) және Маленков жолдасқа ССРО Жоғарғы Советіне ССРО Министрлер Советінің құрамы туралы ұсыныс енгізу тапсырылсын».

Біздің партиямыз, жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция, Совет Одағының барлық халықтары Маленков жолдасы Лениннің талантты шәкірті, Сталиннің сенімді серігі ретінде жақсы біледі және өле құрметтейді.

Депутат жолдастар! Совет Одағының Үкметі алдында, халықаралық қызыл жағдайда еліміздің сыртқы саясатына басшылық ету жөнінде болсын, сол сияқты, Совет Одағы халықтарының елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы алыс және ерлік күресіне басшылық ету жөнінде болсын, зор және жауапты міндеттер тұр.

Мен Маленков жолдас басқарған Совет Үкметі елімізде коммунизм орнатудың барлық істеріне Ленин мен Сталиннің үйренгендей басшылық етеді, халықтарымыздың мүдделері үшін жан-төнімнен қызмет етеді деп, (ұзаққа созылған ду қолшапалақтау) берік сенім білдірсем депутаттардың бәрінің пікірін айтқан болармын деп ойлаймын.

Председательдік етуші депутат Г. М. Маленков жолдасқа сөз береді. (Ұзаққа созылған ду қолшапалақтау).

Президиумының мүшесі етіп сайлауды ұсынамын.

Депутат жолдастар! ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі қызметіне Климент Ефремович Ворошилов жолдасы сайлауды ұсынамын. (Ду қолшапалақтау).

Біздің партиямыз, бүкіл совет халқы Климент Ефремович Ворошилов жолдасы ұлы Лениннің сенімді шәкірті және ұлы Сталиннің серігі деп, біздің Коммунистік партияның ісі үшін, біздің елімізде коммунизмнің жеңісі үшін қажымас күрескер деп біледі. Климент Ефремович Ворошилов жолдас совет халқының игілігі үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің міндетін аброймен орындайды деп біз бәріміз сенеміз.

Климент Ефремович Ворошилов жолдасы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі етіп сайлау туралы ССРО Жоғарғы Советінің қарарын біздің ұлы Совет Одағының бүкіл халқы тәтық қуаттап, мақұлдайтын болады. (Ұзақ ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады).

Берия жолдасқа сөз береді. (Ұзаққа созылған ду қолшапалақтау).

Совет Үкметі өзінің жұмысында, әр қауымға сәйкес, біздің ісіміздің, Ленин—Сталин ісінің әділігіне шексіз сүйенеді. (ду қолшапалақтау), Коммунистік партия мен Совет Үкметі жасап берген саясаттың дұрыстығына қалтқысыз сенуден, Совет Үкметінің жаңа соғысқа жол бермеуге және барлық елдермен бейбітшілік өмір сүруге бағытталған сыртқы саясатын Совет Одағының барлық халықтары бірауыздан қуаттайтындығын білуден (ду қолшапалақтау) Совет Үкметінің социалистік мемлекетіміздің қуатын онан әрі күшейтуге, бүкіл халық шаруашылығы мен мәдениетті өркендете беруге, еліміздің барлық халықтарының тұрмыс дәрежесін онан әрі мүлтіксіз және үнемі арттыра беруге бағытталған ішкі саясатын Совет Одағының барлық халықтары бірауыздан қуаттайтындығын білуден (ұзақ қолшапалақтау), мызғымас туысқандық достықпен біріккен және елімізде коммунизм орнату ісін өзінің жеке ең асыл өмірлік ісі деп білетін еліміздің халықтарының сарқылмас творчестволық күшіне шексіз сенуден, совет халқының өз үкметіне толық сенетіндігінен, Коммунистік партияның төмірдей берік топтастығынан, қуатты көп ұлтты еліміздің халықтарының мызғымас бірлігінен күш алып отырады.

ССРО Жоғарғы Советі Георгий Максимиланович Маленковтың Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі етіп тағайындалуын бірауыздан бекітеді деп сенуге рұқсат етіңіздер. (Ұзақ, ду қолшапалақтау. Бәрі орындарынан тұрады).

Жоғарғы Советтің сессиясы жыйналған Кремль сарайындағы зор мәртебелі зал—бұл коммунизмнің дауысқан стратегі көптеген тарихи сөздер сөйлеген орын. Бұл сөздердің әрқайсысы біздің халқымыздың

дәлелденді түрде күресу керек, бұл жоспарларды бұрынғыдан да гөрі дәлелденді түрде және ойдағыдай жүзеге асыру керек.

Біз мынаны ескереміз: мемлекеттік және шаруашылық басшылықты жақсарту жөнінде ССРО Жоғарғы Советінің қарауына ұсынылып отырған ұйымдастыру шараларының жүзеге асырылуы еліміздің алдында тұрған тарихи міндеттерді — көп ұлтты ұлы социалистік мемлекетімізді тығбай және барлық жағынан бірдей онан әрі нығайта беру, Отанымыздың қорғаныш мен хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қуатты Советтік Қарулы Күштерді нығайта беру, социалистік өнеркәсіпті онан әрі барынша өркендете беру, колхоз құрылысын нығайту, жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының мәдениетін дамытып, материалдық әл-ауқат жағдайын жақсарту, елімізде коммунистік қоғам орнату жолында неғұрлым ойдағыдай алға басуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай шешу үшін жақсы жағдай жасайтындығы кумәнісіз.

Министрліктерді ірілендіру жөніндегі қайта ұйымдастыруды ойдағыдай жүзеге асырып, оның барлық артықшылықтарын пайдалануға біздің мүмкіншілігіміз бар, өйткені біздің бай тәжірибе алған кадрларымыз, іріленген министрліктерге басшылық ету ісін басқара алатын анағұрлым өсіп жетілген кадрларымыз бар.

ССРО Жоғарғы Советінің қарауына мынадай ұсыныстар енгізіледі:

ССРО Мемлекеттік Хауіпсіздік министрлігі мен ССРО Ішкі Істер министрлігі бір министрлік—ССРО Ішкі Істер министрлігі болып біріктірілсін.

ССРО Соғыс министрлігі мен Соғыс-Теңіз министрлігі бір министрлік — ССРО Қорғаныс министрлігі болып біріктірілсін.

ССРО Сыртқы сауда министрлігі мен Сауда министрлігі бір министрлік—ССРО Ішкі және Сыртқы сауда министрлігі болып біріктірілсін.

ССРО Министрлер Советі Председателінің

Қару-жарақ министрлігі мен авиация өнеркәсіп министрлігі бір министрлік — Қорғаныс өнеркәсіп министрлігі болып біріктірілсін.

ССРО Ағаш өнеркәсіп министрлігі мен қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсіп министрлігі бір министрлік — ССРО Ағаш және Қағаз өнеркәсіп министрлігі болып біріктірілсін.

Ауыр индустрия кәсіпорындарын салу, машина жасау кәсіпорындарын салу министрлігі бір министрлік — Құрылыс министрлігі болып біріктірілсін.

Теңіз флоты министрлігі, Өзен флоты министрлігі және Солтүстік теңіз жолының жоғары басқармасы бір министрлік — Теңіз және Өзен флоты министрлігі болып біріктірілсін.

Геология министрлігі ажыратылып, оның міндеттері тиісінше Металлургия өнеркәсіп министрлігіне, Көмір өнеркәсіп министрлігіне, Мұнай өнеркәсіп министрлігіне, Химия өнеркәсіп министрлігіне, құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне және кен өндіру өнеркәсібін басқаратын басқа да министрліктерге бөлінеін.

ССРО Автомобиль транспорты министрлігі ажыратылып, оның міндеттері Қатынас жолдар министрлігіне беріледі.

ССРО Министрлер Советінің халық шаруашылығы материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі (Госснаб) мемлекеттік комитеті мен ССРО Министрлер Советінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті (Госпродснаб) ССРО Мемлекеттік Жоспарлау комитетімен біріктірілсін.

Депутат жолдастар!

Маған, ССРО Министрлер Советінің Председателі ретінде, берілген тапсырмаға сәйкес, мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Советінің қарауына ССРО Үкметінің—ССРО Министрлер Советінің мынадай құрамын ұсынамын:

ССРО Министрлер Советі Председателінің

Транспорттық және ауыр машина жасау Министрі —Мильшев Вячеслав Александрович (қолшапалақтау);

Электр станциялар және электр өнеркәсіп Министрі —Первухин Михаил Георгиевич (қолшапалақтау);

Қорғаныс өнеркәсіп Министрі —Устинов Дмитрий Федорович (қолшапалақтау);

ССРО құрылыс материалдары өнеркәсіп Министрі —Юдин Павел Александрович (қолшапалақтау);

ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп Министрі — Орлов Георгий Михайлович (қолшапалақтау);

Құрылыс Министрі—Дыгай Николай Александрович (қолшапалақтау);

Қатынас жолдар Министрі — Бещев Борис Павлович (қолшапалақтау);

Байланыс Министрі —Пурцев Николай Демьянович (қолшапалақтау);

Теңіз және өзен флоты Министрі—Шанков Зосима Алексеевич—(қолшапалақтау);

ССРО Финанс Министрі—Зверев Арсений Григорьевич (қолшапалақтау);

ССРО Денсаулық сақтау Министрі —Третьяков Андрей Федорович (қолшапалақтау);

ССРО Юстиция Министрі —Горшенкин Константин Петрович (қолшапалақтау);

ССРО Мемлекеттік Бақылау Министрі—Меркулов Всеволод Николаевич (қолшапалақтау);

ССРО Министрлер Советінің Мемлекеттік Жоспарлау Комитетінің Председателі —Косыченко Григорий Петрович (қолшапалақтау);

ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің Председателі Соколов Константин Михайлович (қолшапалақтау).

Депутат жолдастар!

Үкмет құрамы туралы ұсынысты Жоғарғы Советтің қарауына енгізгенде, Совет Одағының Коммунистік партиясының Ор-

дағыннан өткен саясатын, барлық елдер мен ытымақтау және мүдделерді өзара сақтау негізінде олармен іскерлік байланысты дамыту саясатын айнымай жүргізе береміз. Ұлы қытай халқымен, халықтық демократия елдерінің барлық халықтарымен бұдан былай да саяси және экономикалық тығыз ытымақ жасап, туысқандық достық және ытымақ байланысын нығайта береміз. (Ду қолшапалақтау).

Бейбітшіліктің советтік саясаты үлкен болсын, кіші болсын, басқа елдердің халықтарының праволарын құрметтеуге, белгіленген халықаралық нормаларды орындауға негізделеді; советтік сыртқы саясат Совет Одағының басқа мемлекеттермен жасасқан барлық договорларын мұқият және мүлтіксіз орындап отыруға негізделеді.

Көзірлі уақытта мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолмен шешуге болмайтын даулы немесе шешілмеген мәселе жоқ. Бұл біздің барлық мемлекеттермен қатынасымызға, оның ішінде Америка Құрама Штаттарымен қатынасымызға да жатады. Бейбітшіліктің сақталуын көздейтін мемлекеттер көзірлі уақытта болсын, сол сияқты келешекте болсын, Совет Одағының берік бейбітшіл саясатына сенуіне болады. (Ду қолшапалақтау).

Депутат жолдастар!

Совет халқы өз күштеріне шексіз сенеді. Совет мемлекетінің қуаты, совет халқының саяси-моральдік біраігі бұрын болып көрмеген дәрежеде зор және мызғымас берік. Совет Үкметі елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы, совет халқының ерікті және бақытты өмір сүруі жолындағы күреске өзінің бар күшін жұмсайды. (Ду қолшапалақтау).

Партияның, үкметтің және совет халқының тығыз біраігімен, Совет Одағының барлық халықтарының достық туысқандық семьясында коммунизм орнату жолымен алға баса береміз! (Бәрі орындарынан тұрады. Ұзақ ду қолшапалақтау).

# ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясы

Кеше, 15 мартта ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясы болды.

...Кремль сарайындағы мәжіліс залы екі палатаның —Одақ Советі мен Ұлттар Советінің депутаттарына лық толды. Еліміздің мемлекеттік өкметінің жоғарғы органы бірінші рет ұлы көсеміміз Н. В. Сталинсіз жыйналды. Совет адамдарының жүрегінде, шөпелдердегі біздің достарымыздың жүрегінде шексіз қазаның зор қайғысы. Совет халқы өз қатарын Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің төңірегінде, Совет Үкметінің төңірегінде онан сайын тығыз топтастырып, өзінің барлық творчестволық күші мен жігерін біздің елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісіне жұмылдырды.

Жоғарғы Советтің сессиясы жыйналған Кремль сарайындағы зор мәртебелі зал—бұл коммунизмнің дауысқан стратегі көптеген тарихи сөздер сөйлеген орын. Бұл сөздердің әрқайсысы біздің халқымыздың

коммунизмге қарай алға басуында тарихи кезең болып табылады. Мұнда ұлы көсем партияның XVII және XVIII съездерінде тарихи баяндамалар жасады. Осы залда колхозды шаруалардың таңдаулы өкілдері Сталин жолдасымен бірге, оның дауысқан-дық нұсқаулары бойынша ауылшаруашылық артелінің үлгілі Уставын жасады, халқымыз оны колхоз өмірінің сталиндік Уставы деп атады. Мұнда ұлы көсем еліміздің тұңғыш стахановшыларымен кездесті. Ол қуатты стахановтық қозғалыстың —кәзіргі заманның жеңімпаз қозғалысының пәрменді күшін берген тұңғыш бастамасын мәселен өзіңді. Дәл осы залда Сталин жолдас ССРО Конституциясы туралы тарихи баяндама жасады, халқымыз оны Сталиндік Конституцияны жасаушы ұлы адамның есімімен атады. Жақын арада ғана, —партияның XIX съезінің қорытынды мәжілісінде барлық еңбекшілердің ұлы көсемі өзінің ақырғы сөзін

сөйледі, бұл сөз біздің халқымыздың коммунизмге баратын жолын нұрландырды.

IV сессия тарихи күндерде жыйналды. Ұлы көсемнің табыты жанында оның аса көрнекті шәкірттері мен серіктері Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов жолдастар сөз сөйлеп, совет халқын өзде-рінің күшін еселен арттыруға, Коммунистік қоғам құрылысының жалпы ісіне, біздің социалистік Отанымыздың қуатын және қорғанысқа қабілетін нығайту ісіне өзінің үлесін қосуды онан сайын арттыра беруге шақырды. Совет адамдары бұл шақыруға Ленин —Сталин партиясының төңірегінде онан сайын тығыз топтасып, жауап беруде, Отанымыздың игілігі үшін, коммунизмнің салтанат құруы жолында қа-жырды еңбек етумен жауап беруде.

Мәжіліс залында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары, көптеген қонақтар —астаңа еңбекшілерінің өкілдері, Москва

кәсіпорындарының стахановшылары, Москваның ғылым мен мәдениет қайраткерлері, партия және совет активі қатысады. Ложаларда —нет елдердің Москвадағы елшіліктері мен миссияларының басшылары, мүшелері, совет және шетел журналистері отыр.

Президиум ложаларында ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері, Министрлер орын алды.

Күндізгі сағат 2. Жыйналған жұрт партия мен Совет Үкметі басшыларының — Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, Н. С. Хрущев, И. А. Булганин, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, М. З. Сабунов, М. Г. Первухин және басқа жолдастардың залға келуін орындарынан тұрып, ду қолшапалақтаумен қарсы алды.

# ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сессияны Одақ Советінің Председателі депутат М. А. Яснов ашты. Ол совет халқы қатты қайғыру сезімімен өзінің ұлы көсемі және ұстазы, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, ССРО Министрлер Советінің Председателі, СОВИ Орталық Комитетінің Секретары Иосиф Виссарионович Сталинді ақирғы сапарға шығарып салғанын айтып, оның жарқын бейнесін орындарынан тұрып еске түсіруді ұсынды. Депутаттар мен қонақтар орындарынан тұрып, ұлы көсеміміз және ұстазымыз Иосиф Виссарионович Сталинді еске түсірді.

Бұдан кейін председателдік етуші 14 мартта, Прагада, Чехословак Республикасының Президенті, Совет Одағының айнымас досы Клемент Готвальдтің қайтыс болғандығын хабарлады. Чехословак халқымен бірге бұл ауыр қазаны біздің еліміздің еңбекшілері де қатты қайғырып, басынан кешіруде... Қатысушылар орындарынан тұрып, Клемент Готвальдті еске түсірді. Сессия чехословак халқының сүйікті көсемі Клемент Готвальдтің қайтыс болуына байланысты қатты қайғырып, көңіл айтуды білдірген Чехословакия Республикасының Ұлттық жыйналысына үндеуді бірауыздан қабылдады.

Председателдік етуші ССРО Жоғарғы Советі IV сессиясының қарауына төмендегі мәселелерді ұсынды:

1. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателін сайлау туралы.
2. ССР Одағы Министрлер Советінің Председателін тағайындау туралы.
3. ССР Одағы Министрлер Советінің құрамы және ССРО министрліктерін қайта құру туралы.
4. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарын сайлау туралы.
5. ССРО Конституциясының 70, 77 және 78 статьяларына өзгертулер және қосымшалар енгізу туралы.

Сессия ұсынылған күн тәртібін бір ауыздан қабылдады.

Сессияның күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Н. С. Хрущев жолдасқа сөз беріп, жұрт оны ұзаққа созылған қолшанақтаумен қарсы алды.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті пленумының, ССР Одағының Министрлер Советінің, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының біріккен мәжілісінің қаулысы бойынша Н. М. Шверник жолдас Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Председателдігі қызметіне ұсынылғандықтан Н. С. Хрущев жолдас Шверник жолдасы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі міндетінен босатуға және оны ССРО Жоғарғы Советі Президиумы-

де Совет Одағының Үкметі алдында зор және жауапты міндеттер тұр.

Маленков жолдас бастаған Совет Үкметі біздің елімізде коммунизм құрылысының барлық ісіне Ленин мен Сталин қалай үйреткен болса, солай басындық етеді, біздің халқымыздың мүдделеріне шексіз қызмет етеді деп берік сенім білдірсем депутаттардың жалпы пікірін айтамын деп ойлаймын. (Ұзаққа созылған ду қолшанақтау).

Жоғарғы Совет Георгий Максимиланович Маленковтың Советтік Социалистік Республикалар Одағы Министрлер Советінің Председателі болып тағайындалуын бірауыздан бекітеді деп сенім білдіруге рұхсат етіңіздер.

(Залда қатысушылардың бәрі орындарынан тұрады, ұзаққа созылған ду қолшанақтау).

Сессия бірауыздан мынадай қарар қабылдады: Георгий Максимиланович Маленков ССРО Министрлер Советінің Председателі болып тағайындалсын. Депутаттар мен қонақтар орындарынан тұрып, ұлы Сталиннің сенімді серігін ду қолшанақтап құттықтады, осы қолшанақтау арқылы Совет Үкметіне сөзсіз сенетіндігін, партия жасап берген сталиндік сыртқы және ішкі саясаттың, халқымыздың өмірлік мүдделеріне жауап беретін саясаттың берік және дәйектілікпен жүзеге асырылатындығына өздерінің мызғымас сенімін білдірді.

ССРО Министрлер Советінің құрамы және ССРО министрліктерін қайта құру туралы мәселе қаралды. Сөз Г. М. Маленков жолдасқа берілді. Депутаттар мен қонақтар орындарынан тұрып, Залда ұзаққа созылған ду қолшанақтау басталды.

Г. М. Маленков жолдасдың сөзін жыйналғандар кейін сала тыңдады. Ол Жоғарғы Советтің қарауына үкметтің — ССРО Министрлер Советінің құрамын ұсынууды тапсырып, өзіне зор сенім және жоғары құрмет көрсеткені үшін депутаттарға алғыс айтты.

Маленков жолдас Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті пленумының, ССРО Министрлер Советінің, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының біріккен мәжілісі елдің өміріне іркіліссіз және тұрыс басшылықты қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар маңызды қарар қабылданғанын айтты. Сессия бұл қарарларды қарап, Конституцияға сәйкес қабылдауға болады және қажет деп санайтын шараларға заң күшін беруге және еліміздің жоғарғы өкмет органы — Жоғарғы Советті бекітуге тиіс.

—Кәзіргі министрліктерді ірілендіру жөніндегі. — деді Маленков жолдас. —ха-

ейін орындарын салу министрліктері — ССРО Құрылыс министрлігі болып; Теңіз флоты, Өзен флоты министрліктері және Солтүстік Теңіз жолының жоғарғы басқармасы — Теңіз және өзен флоты министрлігі болып біріктірілсін.

Маленков жолдас Геология министрлігі ажыратылып, оның міндеттері тиісінше Металлургия, Көмір, Мұнай өнеркәсіп министрліктеріне және кен өндіру өнеркәсібін басқаратын басқа да министрліктерге беру, автомобиль транспорты министрлігін ажыратып, оның міндеттері жол қатынас министрлігіне беріліп, ССРО Министрлер Советінің халық шаруашылығын материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Министрлер Советінің азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетін ССРО Мемлекеттік Жоспарлау комитетімен біріктіру жөнінде ұсыныс енгізді.

Бұдан кейін Маленков жолдас ССРО Министрлер Советінің Председателі болғандықтан өзіне берілген тапсырмаға сәйкес Жоғарғы Советтің қарауына ССРО Министрлер Советінің құрамын ұсынды.

Депутаттар ұзақ ду қолшанақтап, Г. М. Маленков жолдас ұсынып отырған Үкмет құрамын мақұлдайтындығын білдірді.

Министрлер Советінің құрамын ССРО Жоғарғы Советінің бекітуіне ұсынып, Маленков жолдас үкмет өзінің барлық жұмысында сыртқы және ішкі істерде партия жасап берген саясатты бұзжытпай жүргізіп отырады деп мәлімдеді.

Маленков жолдас ду қолшанақтау үстінде былай деп мәлімдеді: халықтың материалдық және мәдени талаптарын барынша қанағаттандырудың, социалистік Отанымызды оған әрі гүлдендірудің қамын тыңбай ойлап отыру міндеті Совет Үкметі үшін заң болып табылады.

Сыртқы саясатқа тоқтай келіп, Маленков жолдас мынаны атап көрсетті: Совет Үкметі бейбітшілікті сақтаудың және баянды етудің, Совет Одағының қорғанысы мен хауісіздігін қамтамасыз етудің сынан өткен саясатын, барлық елдермен ынтымақ жасау және договорларды өзара сақтау негізінде олармен іскер байланыстарды дамыту саясатын айнымай жүргізе береміз, ұлы қытай халқымен халықтық демократия елдерінің барлық халықтарымен бұдан былай да саяси және экономикалық ынтымақ жасасып, туысқандық достық және ынтымақ байланысын нығайта береді. Депутаттар бұл сөздерді қолшанақтап қарсы алды.

Маленков жолдас бізгі уақытта мүдделі елдердің өзара келісуі негізінде бейбітшілік жолымен шешуге боластай дауалы немесе шешілмеген мәселенің жоқ екенді-

## Клемент ГОТВАЛЬД



### Чехословакияның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінен, Чехословак Үкметінен және Ұлттық майданның Орталық Қыймыл Комитетінен

#### ЧЕХОСЛОВАКИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЕҢБЕКШІЛЕРІНЕ

Қымбатты жолдастар және достар! Чехословакия Коммунистік партияның Орталық Комитеті, Чехословак Үкметі және Ұлттық майданның Орталық Қыймыл Комитеті Чехословак Республикасының Президенті және Чехословакия Коммунистік партиясының Председателі Клемент Готвальд жолдасдың 14 мартта таңертеңгі 14 сағатта қайтыс болғандығын білдірді.

Армиясымен қатар тұру үшін, сөйтіп, агрессордың барлық әрекеттеріне тыйым салуға беруге әзір тұру үшін қарулы күштерімізге қырағылықпен қамқорлық жасаған Готвальд жолдас қайтыс болды.

Қымбаты жолдастар, аға- інілер мен ана- қарындастар!

Біздің халқымыз зор және орыс төл-

### Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінен, ССР Одағының Министрлер Советінен және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумынан

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Чехословак Республикасының Президенті, Чехословакияның Коммунистік партиясының Председателі, халықаралық жұмысын қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Чехословакия халықтарының сүйікті көсемі, Совет Одағының айнымас досы Клемент Готвальд жолдасдың 14 мартта күндізгі сағат 11-де Прагада көшке созылмаған ауыр науқастап кейін қайтыс болғанын партияға және барлық еңбекшілерге қатты қайғырып хабарлайды.

### Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті ССР Одағының Министрлер Советі ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы

### Чехословакияның Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне Чехословак Республикасының Үкметіне, Чехословак Республикасының Ұлттық жыйналысына

Қымбатты жолдастар және достар! Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі мен ССР Одағы Жоғарғы Советінің Президиумы Чехословакияның Коммунистік партиясының Председателі, Чехословак Республикасының Президенті Клемент Готвальд жолдасдың мезгілсіз қайтыс болуы жөнінде көңіл айтып, сіздермен бірге ауыр қайғыға ортақ екендігін білдіреді.

Чехословакияның халықтары мен Коммунистік партиясы Клемент Готвальд жолдасқа айрылып, өзінің ұлы көсемінен, халықтық-демократиялық құрылыстың жеңісі жолындағы және Чехословакияда социализм орнату жолындағы қажымас, ержүрек күрескерден айрылды.

Дүние жүзінің еңбекшілері халықаралық жұмысын қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің бірінен айрылды. Клемент Готвальд жолдас өзінің пролетарлық революционерлік тамаша өмірін осы

ның мүшесі етіп сайлауға ұсыныс енгізді. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі қызметіне Хрущев жолдас К. Е. Ворошилов жолдасты сайлауға ұсынды.

— Біздің партиямыз, бүкіл совет халқы, — деді Хрущев жолдас депутаттар мен қонақтардың ду қолшалақтауы үстінде. — Клемент Ефремович Ворошилов жолдасты ұлы Ленинің сенімді шәкірті және ұлы Сталиннің сенімді серігі деп, біздің Коммунистік партияның ісі үшін, біздің елімізде коммунизмнің жеңісі үшін қажымас күрескер деп біледі. К. Е. Ворошилов жолдас совет халқының игілігі үшін ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателінің міндетін аброймен орындайды деп біз бәріміз сенеміз.

Сессия: басқа жұмысқа ауысуына байланысты Н. М. Шверник жолдас ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің міндетінен босатылып және ол ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болып сайлансын деп қарар қабылдады.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі болып Клемент Ефремович Ворошилов жолдас бірауыздан сайланды.

Депутаттар мен қонақтар орындарынан тұрып ұзақ қолшалақтаумен К. Е. Ворошилов жолдасты құттықтады.

Бұдан кейін сессия ССР Одағы Министрлер Советінің Председателін тағайындау туралы мәселені қарауға көшті. Депутат Л. П. Берияға сөз берілді.

Л. П. Берия жолдастың трибунаға шығуын жұрт ұзаққа созылған ду қолшалақтаумен қарсы алды.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Министрлер Советінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің тапсыруы бойынша Л. П. Берия жолдас сессияның қарауына ССРО Министрлер Советінің Председателі етіп Георгий Максимович Маленков жолдасы тағайындау және ССРО Министрлер Советінің құрамы туралы ұсынысты ССРО Жоғарғы Советіне енгізуді Маленков жолдасқа тапсыру туралы ұсыныс енгізді.

Депутаттар мен қонақтар орындарынан тұрды. Үлкен Кремль сарайының залында Георгий Максимович Маленков жолдастың құрметіне ұзаққа созылған ду қолшалақтау жаңғырып тұрды.

— Біздің партиямыз, Совет Одағының жұмысшылары, колхозшылары, интеллигенциясы, бүкіл халқы, — деді Л. П. Берия жолдас. — Маленков жолдасты Ленинің таланты шәкірті және Сталиннің сенімді серігі ретінде жақсы біледі және оны зор құрметтейді.

Депутат жолдастар! Халықаралық жағдай аса шиеленіскен жағдайда еліміздің сыртқы саясатына басшылық етуде, сол сыяқты біздің елімізде коммунистік қоғам орнатуда Совет Одағы халықтарының қатарандық алып күресіне басшылық ету-

лық шаруашылығының, мәдениеттің және басқару ісінің тектес салаларына басшылық етуді бір министрлікке біріктіру жөніндегі шаралардың қажеттілігі бүгін туып отырған жоқ. Оларды партиямыз бен үкіметіміз ұзақ уақыт, Сталин жолдастың тірі кезінде, онымен бірге, ойластырып келген болатын. Ал, қазір еліміз дұшар болған ауыр қазаға байланысты, біз мемлекеттік және шаруашылық қызметке басшылықты оған әрі күшейту жөніндегі пісуі жеткен ұйымдастыру шараларын жүзеге асыруды тек қана тездетіп отырмыз.

Маленков жолдас еліміздің Министрлерді ірілендіруді ойлағандай жүзеге асыру мүмкіндіктерінің бәрі бар екенін, өйткені, біздің елде мол тәжірибе алған және іріленген министрліктерге басшылық ете алатын едәуір кадрлар өсіп жетілгенін атап көрсетті.

Маленков жолдас Жоғарғы Советтің қарап, шешуіне мынадай ұсыныстар енгізді.

Мемлекеттік Хауісіздік министрлігі мен Ішкі Істер министрлігі бір министрлік — ССРО Ішкі Істер министрлігі болып; Соғыс министрлігі мен Соғыс-Теніз министрлігі — ССРО Қорғаныс министрлігі болып; Сыртқы Сауда министрлігі мен Сауда министрлігі болып; Ауыл шаруашылығы, Мақта шаруашылығы, Совхоздар, Дайындау және Орман шаруашылығы министрліктері — ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі болып; Жоғары білім және кинематография министрліктері, Искусство істері жөніндегі комитет, Радиохабар комитеті, полиграфия және баспа істерінің жоғарғы басқармасы және Еңбек резервтері министрлігі — ССРО Мәдениет министрлігі болып; Жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсіп, ет және сүт өнеркәсіп, балық өнеркәсіп министрліктері — ССРО Жеңіл және Тамақ өнеркәсіп министрлігі болып; Қара металлургия және Түсті металлургия министрліктері — ССРО Металлургия өнеркәсіп министрлігі болып.

Автомобиль және трактор өнеркәсіп, машина жасау және аспап жасау, Ауылшаруашылық машиналарын жасау және Станок жасау министрліктері — ССРО Машина жасау министрлігі болып; Транспорт машиналарын жасау, Қеме жасау өнеркәсіп, Ауыр машиналар жасау, Құрылыс және Жол машиналарын жасау министрліктері — Транспорттық және ауыр машина жасау министрлігі болып; Электр станциялары, Электр өнеркәсіп және байланыс құралды өнеркәсіп министрліктері — Электр станциялары мен электр өнеркәсіп министрлігі болып; Қару-жарақ және Авиация өнеркәсіп министрліктері — ССРО Қорғаныс өнеркәсіп министрлігі болып; Ағаш өнеркәсіп, Қағаз және ағаш өңдеу министрліктері — ССРО Ағаш және қағаз өнеркәсіп министрлігі болып; Ауыр индустрия кәсіп-орындарын салу және Машина жасау кә-

сіпін атап көрсетті. Бұл Совет Одағының барлық мемлекеттермен қатынасына, оның ішінде Америка Құрлық Штаттарымен қатынасына да жатады.

Маленков жолдас өзінің қорытындысында совет халқының өз күштеріне шексіз сенетіндігін, Совет мемлекетінің қуаты, совет халқының моральдік-саяси бірлігі бұрын болып көрмеген дәрежеде зор және мызғымас берік екенін айтты. Ол Совет Үкметі елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы, совет халқының ерікті және бақытты өмір сүруі жолындағы күресте өзінің барлық күшін жұмсайды деп сенім берді.

— Партияның, үкметтің және совет халқының тығыз бірлігімен, — деді Маленков жолдас, — Совет Одағының барлық халықтарының достық туысқандық семьясында коммунизм орнату жолымен алға баса береміз.

Бәрі де орындарынан тұрады. Ұзаққа созылған ду қол шалақтады.

Сессия ССР Одағының министрліктерін қайта құру туралы Заңды бірауыздан бекітті.

ССРО Министрлер Советінің құрамы да бірауыздан бекітілді.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары етіп Н. М. Пегов жолдасты сайлады. А. Ф. Горкин жолдасты бұл міндеттен босатты.

Бұдан кейін сессия ССРО Конституциясының Министрлер Советінің құрамын белгілейтін 70 статьясына, ССРО Конституциясының 77 және 78 статьяларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе қаралды. ССРО Конституциясының 77 және 78 статьяларында ССРО Министрліктерін қайта құру туралы ССРО Жоғарғы Советінің осы сессиясы қабылдаған Заңнан туатын мемлекеттік басқару органдарының системасындағы өзгерістерді белгіледі.

«ССРО Конституциясының (негізгі заңының) 70, 77 және 78 статьяларына өзгертулер мен қосымшалар енгізу туралы» заң палаталарда жеке-жеке дауысқа қойылып, бірауыздан қабылданды.

Сессия В. В. Кузнецов жолдасты ССРО Сыртқы Істер Министрінің Орынбасары болып тағайындалуына байланысты ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы мүшесінің міндетінен босатып, А. А. Андреев жолдасты ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі етіп сайлады.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселелер қаралып болды. Председательдік етуші Яснов жолдас ССР Одағының Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы жабылды деп жариялады.

Депутаттар орындарынан тұрып, ұзақ қолшалақтап, ССР Одағының Үкметін құттықтады (СОТА).

11 сағат 11-ге ауыр маусым қайтыс болғанын партияға және Чехословакияның барлық халқына аса қайғылы оқиымен хабарлайды.

Клемент Готвальд жолдастың өмірін сақталу қалу үшін адамның қолынан келетін шаралардың бәрі істелді. Сонымен бірге Совет Одағының Үкметі чехословак халқына орасан зор, нағыз туысқандық көмек көрсетті. Науқастың қасында таңдаулы совет және чехословак дәрігерлері болды. Готвальд жолдастың өзі есін толық сақтап, ақырғы минуттарға дейін өліммен арпалысып, оған қарсы ерлікпен күресті. Амал қанша, біздер үшін ең қымбатты өмірді сақтап қала алмадық.

Чехословак халқы үшін қиын, өте қиын сағаттар туды. Ұлы Сталин қайтыс болғанынан кейін көп ұзамай халық орны толмайтын қазаға дұшар болды. Біздің еңбекшілердің сүйікті көсемі, Лениң мен Сталиннің таңдаулы және ең сенімді шәкірті, біздің халықтық-демократиялық Отанымыздың әкесі қайтыс болды. Біздің Коммунистік партияны лениндік-сталиндік жаңа тұрпаттағы партия ретінде құрып, шынықтырған Готвальд жолдас қайтыс болды.

Біздің халқымызға капиталистерді, қанаушыларды, халық жауларын қалай талқандауды үйретіп, соған баулыған және осы күресте чех пен словак еңбекшілерін тығыз топтастырған Готвальд жолдас қайтыс болды.

Біздің халықтарымызды Совет Одағының халықтарымен қосып, чехословак совет достығы мен туысқандығының мызғымас одағына мәңгі біріктірген Готвальд жолдас қайтыс болды.

Біздің халқымыздың фашистік оккупанттарға қарсы, ұлттық бостандық жолындағы ұлы күресін табыстылықпен берік жүргізген Готвальд жолдас қайтыс болды.

Қаһарман совет жауынгерлері азат еткен біздің Отанымызда бізді жаңа құрылыс орнатуға бастаған Готвальд жолдас қайтыс болды. Бұл жаңа құрылысқа басшы күш капиталистер, ірі помещиктер мен шетелдік империалистер емес, еңбекші халықтың барлық топтарымен туысқандық бірлік жасап отырған жұмысшы табы болып табылады.

Сәулетті социалистік болашақтың ұлы перспективасын, бейбітшіліктің, халықтың ауқатты тұрмысы мен бақытының перспективасын бізге ашып берген және біздің Отанымызда социализмді қалай орнатуды бізге күн сайын үйреткен Готвальд жолдас қайтыс болды.

Біздің мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайтуға қажымай-талмай қажырлық жасаған, біздің қарулы күштеріміздің Отанның күзетінде, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің күзетінде даңқты Совет

**Чехословакияның Коммунистік партиясы Орталық Комитеті**  
**Чехословак Республикасының Үкметі**  
**Ұлттық майданның Орталық Қыймыл Комитеті**

валды жолдастың өзі жақында ғана бізге мынаны атап айтқан болатын: Ұлы Сталиннің бізді үйреткеніндей, біз тіпті ең қиын минутта да рухымызды төмендетпеуге тиісіміз, біздің ұлы міндеттеріміз бен мақсаттарымызды орындауды ұмытпауға тиісіміз.

Қазіргі уақытта біздің бәріміз де дәл осылай болуға тиісіміз. Біздің қатарымызда әлсіздік пен үрей болмауға тиіс.

Біздің Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен біздің Ұлттық майдан үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсейік!

Бұл қиын уақытта халқымыздың бірлігі бұрынғыдан да берік болсын! Біз Ленинің — Сталиннің жолымен, Готвальд жолдас бізді бастаған жолмен бұрынғыдан да батыл және жаңқырлықпен алға басамыз!

Өзіміздің сүйенер тірегіміз және үлгіміз — ұлы Совет Одағына және оның даңқты Коммунистік партиясына бұрынғыдан да жақын болайық!

Өзіміздің жаңқырлық ісіміз бен қырағылығымызды күшейтпейк, сөйтіп, біздің партиямыздың және біздің қала мен деревня еңбекшілерінің Чехословак Ұлттық майданының бірлігін бұзуда әрекеттенушінің қандайын болса да талқандайық!

Біз игілікті міндеттерімізді орындау жолында еселенген жаңа жігермен еңбек етеміз. Біз өзіміздің бірінші бес жылдықты — Готвальдтың бесжылдық деп атадық. Оны Готвальдтың талап еткеніндей орындау үшін барлық күшті жұмсайық! Біздің Отанымызда социализм орнату үшін барлық күшті жұмсайық, соғыс өртіп тұтандырушылардың қылмысты жоспарларын бұрынғыдан да пәрменді талқандау үшін, сөйтіп, біздің Отанымызда Совет Одағы бастаған бейбітшіліктің бүкіл дүниежүзілік майданының мызғымас қамалын орнату үшін барлық күшті жұмсайық!

Клемент Готвальд жолдастың есімі чехословак халқының жүрегінде әрқашан өмір сүреді. Оның есімі біздің жүрегінде, біздің ойымыз бен істерімізде өмір сүреді.

Чехословакияның екінші бригадасы, Ленинің — Сталиннің туы астында, Готвальдтың жолымен алға басайық!

Клемент Готвальдтың лениндік-сталиндік өсиеттерінен еш уақытта айнымайтын Чехословакияның Коммунистік партиясы жасасын!

Чехословак және совет халықтарының достығы мен туысқандығы мәңгі жасай берсін!

Гусет және Готвальд сыяқты берік батыр чехословак халқы жасасын!

Біздің қымбатты Чехословак Отанымыз жасасын, өзінің ең көмеңгер ұлы Клемент Готвальд жолдастың абройы мен даңқына бәленіп өсіп, көркейе берсін!

Халықаралық арасындағы даңқын қалаған болатын.

Клемент Готвальд жолдас Чехословакия мен Совет Одағы арасындағы берік одақты және мызғымас достықты нығайтуда қажымай-талмай еңбек етті. Осы туысқандық достықты Чехословак Республикасының тәуелсіздігі мен гүлденуінің кепілі деп білді.

Ұлы Сталиннің сенімді серігі, Совет Одағының сынан өткен досы Клемент Готвальд Чехословакияны совет-чехословак достығын нығайту жолымен алға бастады. Осы достықты Отанның бостандығы мен тәуелсіздігінің кепілі деп орында бағалады.

Ауыр қазаның бұл қайғылы күндерінде бейбітшілік ісі жолындағы, халықтар арасындағы достықты нығайту жолындағы және социализм орнату жолындағы күресте чехословак халқы өз қатарын Чехословакияның Коммунистік партиясы мен Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтастырады деп біз берік сенім білдіреміз.

Ауыр қазаға Чехословакияның халқымен бірге қайғыра отырып, Совет Одағының халықтары халық арасындағы бейбітшілік үшін, Совет Одағы мен Чехословакия Республикасы арасындағы мәңгі достық үшін күрестің ардайым рух беруші өнегесі болып беретін Клемент Готвальдтың жарқын бейнесін өздерінің жүректерінде сақтайды.

**Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті**  
**ССР Одағының Министрлер Советі**  
**ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы**

**Клемент Готвальд жолдастың қайтыс болуы жөнінде Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің, ССР Одағының Министрлер Советінің, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының көңіл айтуы**

14 марта ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі П. М. Шверник, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары А. Я. Вышинский және Совет Одағының Маршалы П. С. Ковнев Чехословакия Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочие елшісі Я. Вошагликке барып, Чехословакия Республикасының Президенті, Чехословакияның Коммунистік Партиясының Председателі Клемент Готвальд қайтыс болуы жөнінде Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті, ССР Одағының Министрлер Советі және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы атынан көңіл айтып, қатты қайғыратындықтарын білдірді.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**

**РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ**

АДРЕСІ. Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00520.

Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы баспа және кітап саудасы, полиграфия өнеркәсібі Басқармасының Петропавлдағы Мемлекеттік № 18 баспаханасы, Ленин көшесі, № 21-үй.